**КЕЛІСІЛДІ:**
Қарағанды облысы білім басқармасының
«Теміртау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
___________________ **Р.К.Казтаев**
«_____»_______________2022 ж.

**БЕКІТІЛДІ:**
Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры
____________________С.Н.Қайырбек
«_____» _________________2022 ж.

**Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылына арналған**

# ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ

**Теміртау қ., 2022 ж.**

**Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспарының**

# түсінік хаты

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 ЖББМ» КММ-нің оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып жасалды:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы).

**2022-2023 оқу жылында « №12 ЖББМ» сыныптардың саны:**

- 1-4 сыныптар: 1 сынып -2
  2 сынып -1
  3 сынып -2
  4 сынып -2
- 5-9 сыныптар: 5 сынып -2
  6 сынып -2
  7 сынып -1
  8,9 сынып жоқ
- 10-11 сыныптпр: 10 сынып -1
  11 сынып жоқ

## Бастауыш сыныптарда білім беру процесі

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы № 365 бұйрығымен өзгертілген) үлгілік оқу жоспарының 1 –қосымшасына сәйкес жүргізіледі

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат.
«Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді.

- 1-4-сыныптарда **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** оқу курсын міндетті меңгеруқамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.
- **"Жолда жүру ережелері"** оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

1-4- сыныптарда білім алушылардың берілген білімді игеруі мен іске асыру қабілеті, ойының дәлдігі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа ғылым негіздерін меңгеру нәтижелері сауаттылық деңгейіне байланысты болғандықтан оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бастауыш сыныптардың вариативтік компонентке 1-2 сыныптарда «Көркем жазу» және 3-4 сыныптарда «Оқу сауаттылығы» курсы аптасына 1 сағат жүктememen енгізілді.

Бастауыш сыныпта оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта 35 аптаны, 2-4-сыныптарда 36 аптаны құрайды.

**5-7-сыныптарда білім беру процесі:**

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы № 365 бұйрығымен өзгертілген) үлгілік оқу жоспарының 6-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

- **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** оқу курсының мазмұны 5-7-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.
- **"Жол қозғалысы ережелері"** оқу курсы 5-7-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі,
- "**Өлкетану**" оқу курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – оқу жылында 5 сағат;
2) 6-сыныпта – оқу жылында 7 сағат;
3) 7-сыныпта – оқу жылында 8 сағат. Барлығы – 20 сағат.

"Өлкетану" кіріктірілген оқу курсының материалдары

5-7-сыныптардағы "Қазақстан тарихы", "Қазақ әдебиеті" (қазақ тілді емес мектептерге "Қазақ тілі мен әдебиеті"), "География", "Музыка" оқу пәндерінің аясында оқытылады.

- 2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-7 сыныптардағы **«Жаһандық құзыреттер»** курсы енгізілді.
  5-7 – сыныптарда - *0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағат*
  0, 5 сағат жүктемесі бар *курс екі аптада 1 рет өткізіледі.*

5-7 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет».

**10 -сыныбында білім беру процессі**

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 жылғы № 412 бұйрығымен өзгертілген) үлгілік оқу жоспарының 85 –қосымшасына сәйкес жүргізіледі

10-сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылады.

- **«Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері»** оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.
- Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттыққорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Қазақ тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды:
10сыныпта - 5 сағат; оның ішінде 1 сағат «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсы. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

- **«Өмірге деген көзқарасы қалыптасқан, өзгелермен бәсекеге қабілетті ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу»** мектеп миссиясына сәйкес оқу жоспарының вариативтік бөлігі білім алушылардың сұраныстарын ескере отырып,

әлеуметтенуіне жол ашады. Ұлтымыздың бай мәдени мұрасын насихаттай отырып, оқушылардың бойында ұлттық рухтың берік қалыптасуына қызмет ететін 10-сыныпта «Абайтану» курсы аптасына 1 сағат көлемінде жүргізіледі. 10-сынып оқушыларының таңдауы бойынша аптасына 1 сағат «Медицина және физика» курсы енгізіліп отыр. «Физика және медицина» курсын таңдаудағы мақсат диагностикалық жұмыстар жүргізу нәтижесінде оқушылардың биология-физика пәндерін таңдау пәні ретінде көрсетуі.Курс мақсаты: оқушылардың білімдерін тереңдетіп отырып,медициналық бағытқа бейімдеу

- «Шетел тілі» пәнінде «Ағылшын тілі» оқытылады.

- 5-11-сыныптарда оқу аптасының ұзақтығы 36 аптаны құрайды.

**Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылына арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **6** | **11** | **11** | **11** | **39** | **1398** |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | - | - | - | 6 | 210 |
| 2 | Қазақ тілі | | 4 | 4 | 4 | 12 | 432 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 4 | Орыс тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 5 | Шетел тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| **II** | **Математика және информатика** | **4,5** | **5** | **6** | **6** | **21,5** | **769,5** |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 644 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | 1 | 1 | 3,5 | 125,5 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **1** | **1** | **2** | **2** | **6** | **215** |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 215 |
| **IV** | **Адам және қоғам** | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| **9** | Дүниетану | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| **V** | **Технология және өнер** | **3** | **2** | **2** | **2** | **9** | **321** |
| **10** | **Музыка** | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| 11 | Көркем еңбек | | 1 | 1 | 1 | 3 | 108 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | | | | 1 | 35 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | | | | 1 | 35 |
| **VI** | **Дене шынықтыру** | **3** | **3** | **3** | **3** | **12** | **429** |
| 14 | Дене шынықтыру | **3** | **3** | **3** | **3** | **12** | **429** |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **18,5** | **23** | **25** | **25** | **91,5** | **3275,5** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | |
| **Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| «Көркем жазу» | | 1 | 1 | | | 2 | 71 |
| «Оқу сауаттылығы» | | | | 1 | 1 | 2 | 72 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | **19,5** | **24** | **26** | **26** | **95,5** | **3418,5** |

**Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылына арналған негізгі орта білім берудің оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 6 | 7 | Апталық | Жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | |
| I | **Тіл және әдебиет** | **11** | **11** | **11** | **33** | **1188** |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| II | **Математика және информатика** | **6** | **6** | **6** | **18** | **648** |
| 5 | Математика | 5 | 5 | - | 10 | 360 |
| 6 | Алгебра | - | - | 3 | 3 | 108 |
| 7 | Геометрия | - | - | 2 | 2 | 72 |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 3 | 108 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **2** | **2** | **7** | **11** | **396** |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | 2 | - | 4 | 144 |
| 10 | Физика | - | - | 2 | 2 | 72 |
| 11 | Химия | - | - | 1 | 1 | 36 |
| 12 | Биология | - | - | 2 | 2 | 72 |
| 13 | География | - | - | 2 | 2 | 72 |
| **IV** | **Адам және қоғам** | **3** | **3** | **3** | **9** | **324** |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 3 | 108 |
| 16 | Құқық негіздері | - | - | - | - | - |
| **V** | **Технология және өнер** | **3** | **3** | **1** | **7** | **252** |
| 17 | Музыка | 1 | 1 | - | 2 | 72 |
| 18 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 5 | 180 |
| **VI** | **Дене шынықтыру** | **3** | **3** | **3** | **9** | **324** |
| 19 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **28** | **28** | **31** | **87** | **3132** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | |
| **Жаһандық құзіреттілік** | | **0,5** | **0,5** | **0,5** | **1,5** | **54** |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **0,5** | **0,5** | **0,5** | **1,5** | **54** |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **28,5** | **28,5** | **31,5** | **88,5** | **3186** |

**Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | Жүктеме, сағат саны | |
|---|---|---|---|---|
| | | 10 | Апталық | Жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | |
| 1 | Қазақ тілі | 2 | 2 | 72 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 3 | 3 | 108 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 2 | 2 | 72 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 108 |
| 5 | Алгебра және анализ бастамалары | 3 | 3 | 108 |
| 6 | Геометрия | 1 | 1 | 36 |
| 7 | Информатика | 1 | 1 | 36 |
| 8 | Физика | 2 | 2 | 72 |
| 9 | Химия | 2 | 2 | 72 |
| 10 | Биология | 2 | 2 | 72 |
| 11 | География | 1 | 1 | 36 |
| 12 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 72 |
| 13 | Дүние жүзі тарихы | 2 | 2 | 72 |
| 14 | Құқық негіздері | 1 | 1 | 36 |
| 15 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 108 |
| 16 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 1 | 1 | 36 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **31** | **31** | **1116** |
| **Жаһандық құзіреттілік** | | **1** | **1** | **36** |
| **Элективтік курстар** | | **2** | **2** | **72** |
| «Абайтану» | | 1 | 1 | 36 |
| «Медицина және физика» | | 1 | 1 | 36 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **3** | **3** | **108** |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **34** | **34** | **1224** |

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "№12 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**Нөмірленді** 7 бет

**Тігілді**

**Мектеп директоры:** **С.Н.Қайырбек**